



Газет 1937 жылдың
5 мамырынан
бастап шығады

SARYSU



12/08/2026 СӘРСЕНБІ

www.gazeta-sarysu.kz

*

sarysu_02@bk.ru

№58 (9022)



АУДАН ӘКІМІ С.МАМЫТОВТЫҢ АБАЙ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

**Күрметті аудан тұрғындары!
Қадірменді жерлестер!**

Баршанызға белгілі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен 10 тамыз – «Абай күні» деп белгіленген.

Сіздерді қазақтың бас ақыны, ақыл-ойдың аскары, хәкім «Абай күні» мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақтың ұлы ақыны, ойшылы, ағартушы, ұлттық руханияттың темірқазығы болған Абай Құнанбайұлы – 1845 жылы 10 тамызда Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Шыңғыстау баурайында дүниеге келген.

Абай – бір дәуірдің ғана ақыны емес. Оның әр сөзі – уақыт өткен сайын тереңдей түсетін қазына, әр ойы – адамды өз-өзіне үңілдіретін рухани бағдар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Ұлы Абай – біздің еліміздің мақтанышы ғана емес, әлемдік деңгейдегі кеменгер. Оның өлеңдері мен кара сөздері – ұлттық болмысымыздың айнасы. Абай жана әдебиетіміздің негізін қалаған ақын ретінде ел тарихында айрықша із қалдырды. Оның еңбектері әлі күнге дейін баршамызға рухани азық болып келеді. Ақынның ғибратты ғұмыры мен мол мұрасы – халқымыздың және жәһан жұртының асыл қазынасы», - деп ақынға жоғары баға берген болатын.

КЕЗДЕСУ

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС-АУДАН ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарды саралап, алдағы міндеттерді айқындау мақсатында аудан әкімі Сәкен Мамытовтың халықпен есеп беру кездесулері жаңғасын табада. Кезекті кездесу Жайылма ауылдық округінің тұрғындарымен өтті.

Кездесуге аудан әкімі Сәкен Мамытов, аудандық мәслихат төрағасы Ш. Мұсабеков және депутаттар, құқық қорғау органдарының өкілдері, мекеме басшылары, ауылдық округ әкімдігі және қоғамдық ұйым өкілдері, сондай-ақ ауыл тұрғындары қатысты.

Жиын барысында аудан басшысы жыл басынан бері аудан көлемінде жүзеге асырылып жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталып, әлеуметтік-экономикалық даму бағыттары бойынша атқарылған істерді саралады. Сонымен қатар алдағы кезеңде қолға алынатын жобалар мен елді мекендердің инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған міндеттерді атап өтті.

Аудан әкімінің айтуынша, халықтың әл-ауқатын арттыру, елді мекендердің көркеюіне жағдай жасау және тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру – жергілікті атқарушы биліктің басты міндеттерінің бірі. Осы бағытта аудан аумағында бірқатар жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

Өсіресе, ауылдық елді мекендердің әлеуметтік және инфрақұрылымын дамыту мәселесіне айрықша мән берілуде. Ауыл ішіндегі жолдардың жағдайын жақсарту, көшелерді абаттандыру, жарықтандыру, ауыз сумен қамтамасыз ету, санитарлық тазалық пен қоғамдық тәртіпті сақтау мәселелері тұрақты бақылауда екені айтылды.

Тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелердің ашық талқылануы болды. Ауыл халқы өздерін толғандырған әлеуметтік және тұрмыстық мәселелерін ортаға салып, аудан әкіміне бірқатар сауалдарын жолдады.

Тұрғындар тарапынан ауылыштық жолдардың жай-күйі, абаттандыру, ауыз су, қоғамдық орындарды күтіп ұстау, ауыл шаруашылығы бағыттарына қатысты мәселелер

Сарысулықтар Ұлы Абайдың терең сырларына толы жауқазын жырларын жоғары бағалап, ақынның есімін ардақтайды.

Бүгінде ауданымызда Абай атындағы 7 көше (Жаңатас қаласы, Байқадам а.о Саудақент ауылы, Жайылма а.о Жайылма ауылы, Маятас ауылы, Жаңаталап а.о Жаңаталап ауылы, Ұйым ауылы, Түркістан а.о Ә. Бүркітбаев ауылы) болса, ұлы тұлғамен аттас 39 азаматымыз бар.

Жаңатас қаласында орналасқан Абай атындағы орта мектепте 2025 - 2026 жылдары 130 оқушы білім алса, аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі және кітапхана филиалдарында Абайдың өзі авторлық еткен 665 – тен аса кітабын оқырмандарға ұсынып отырмыз.

Қадірлі жерлестер!

Әр шаңырақта білім мен кітаптың қадірі артсын. Әр жүректе елге деген сүйіспеншілік, адамға деген құрмет, әділетке деген адалдық орнықсын.

Ұрпағымыз Абай айтқандай ғылым мен білімге ұмтылып, еңбекті серік етіп, елінің ертеніне жауапкершілікпен қарайтын азамат болып өссін!

Абайдың асыл мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса берсін! Сарысу елінің рухы биік, болашағы жарқын болсын!

Абайы бар елдің рухы өлмейді!

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Қазақ халқының тарихында Абай Құнанбайұлының орны айрықша. Ол – бір ғана дәуірдің ақыны емес, тұтас ұлттың ойлау жүйесіне өзгеріс әкелген ұлы тұлға. Абай өмір сүрген XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ даласы үшін күрделі тарихи кезең болды. Дәстүрлі қоғамдық құрылым өзгеріп, патшалық Ресейдің отарлық саясаты күшейді, ел ішіндегі әлеуметтік қайшылықтар тереңдеді. Осындай алмағайып уақытта Абай халықтың болашағын ойлап, елдің дамуы білімге, еңбекке, ғылымға және адамдық кемелдікке байланысты екенін терең түсінді.

Абайдың ұлылығы оның ақындық шеберлігімен ғана өлшенбейді. Ол – ойшыл, ағартушы, сыншыл реалист, аудармашы, композитор әрі қазақтың жазба әдебиетінің жана сапалы бағытын қалыптастырған реформатор. Оның шығармаларында жеке адамның мінез-құлқынан бастап, тұтас қоғамның тағдырына дейінгі мәселелер қозғалады. Ақын надандықты, жалқаулықты, мақтаншақтықты, мансапқорлықты, рушылдықты сынай отырып, олардың орнына білімді, еңбекті, әділетті, ар-ұятты және ғылымды қойды.

Сондықтан Абай мұрасы – өткеннің ескерткіші ғана емес. Ол бүгінгі қоғам үшін де өзектілігін жоғалтпаған рухани бағдар.

Абай шығармашылығының өзегінде білім мен ғылым идеясы жатыр. Ақын халықтың мешәуліктен шығуы үшін ең алдымен сауат пен білімнің қажет екенін түсінді.

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ол жастарға бос мақтан мен орынсыз әуестікке ермей, білім мен ғылымға ұмтылуды насихаттайды. Абай адамның өмірлік бағытын айқындайтын бес асыл қасиетті – талап, еңбек, терең ой, қанағат және рақымды атап көрсетеді. Оған қарсы бес дұшпан ретінде өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік және бекер мал шашуды атайды.

Бұл идеялардың маңызы бүгінгі күні де ерекше.

Қазіргі заманда технология мен ақпарат көлемі үздіксіз өсіп келеді. Алайда ақпараттың көп болуы адамның міндетті түрде білімді болғанын білдірмейді. Абай айтқан «терен ой» ұғымы осы тұрғыдан алғанда өте маңызды. Нағыз білім – жаттап алу емес, ойлау, талдау, салыстыру, ақиқатты іздеу.

Абай жастардың ғылым үйренуін жеке бастың пайдасы үшін ғана емес, елдің болашағы үшін қажет деп білді. Оның білім туралы ойларының түпкі мақсаты – саналы, дербес ойлайтын, еңбеккор азамат қалыптастыру.

Ақын философиясының ең терең тұстарының бірі – адам мәселесі. Ұлы ойшыл адамды сыртқы әлеуметтік жағдайымен ғана бағаламайды. Ол адамның ішкі дүниесіне, ар-ұятына, ақылына, жүрегіне ерекше мән береді.

Абайдың дүниетанымында кемел адам болу – өмір бойы жалғасатын рухани ізденіс. Адам өз бойындағы жаман қасиеттерді жеңіп, жақсы қасиеттерін дамытуы керек.

Ойшылдың шығармаларында ақыл, қайрат және жүрек мәселесі ерекше орын алады. Ақыл адамға дұрыс жолды танытса, қайрат сол жолмен жүруге мүмкіндік береді. Ал жүрек адамды мейірімге, әділетке, рақымға бастайды. Осы үшеуінің үйлесімі адамды кемелдікке жеткізеді. Абайдың бұл идеясы қазақ философиялық ойының биік деңгейін көрсетеді.

Оның «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген ұстанымы да осы адамгершілік философиясымен сабақтас. Ақын ұлтты сүюді басқа халықтарды кемсіту деп түсінбейді. Керісінше, өз халқының дамуын қалаған адам бүкіл адамзатқа ортақ құндылықтарды құрметтеуі тиіс.

Бағамдап қарайтын болсақ, Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы бір дәуірдің шеңберіне сыймайды. Ол өз заманындағы қазақ қоғамының мәселелерін көтере отырып, адамзатқа ортақ құндылықтарды сөз етті.

Абайдың басты арманы – қазақтың саналы, білімді, еңбеккор, әділетті, мәдениетті ел болуы еді. Ол халықты сырттан біреудің келіп құтқаруын күтпеді. Керісінше, өзгерісті адамның өзінен бастау қажеттігін көрсетті.

Ақынның мұрасы – кітап бетінде қалған сөздер жиынтығы емес. Ол – ұлттық сананың терең қабаттарына сіңген рухани құндылық. Абайды құрметтеу оның атын атаумен немесе ескерткішіне тағзым етумен ғана шектелмеуі керек. Ұлы ақынның аманатына адалдық – білімге ұмтылудан, адал еңбек студент, әділетті болудан, өзінді жетілруден және елге пайда келтіруден көрінеді. Осы орайда Сарысу ауданындағы білім беру ұйымдарында жас ұрпаққа хакімнің мұраларын дәріптеу ісі жүйелі түрде жалғасын таба беретін болады.

Уақыт өзгереді. Қоғам өзгереді. Технология өзгереді. Бірақ адамның адам болып қалуы, оның ар-ұяты, әділеті, білімі мен жүрегі туралы мәселе өзгермейді. Сондықтан Абай - қазақтың өткен тарихындағы ұлы есім ғана емес, ұлттық болашаққа жол көрсететін рухани темірқазық болып қала бермек.

Сәкен МАМЫТОВ, Сарысу ауданының әкімі

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАР АРДАҚТАЛДЫ



Аудан әкімдігінің мәжіліс залында отбасы құндылықтарын дәріптеуге бағытталған салтанатты іс-шара өтті. Аудан әкімі Сәкен Мамытов көпбалалы аналарды қабылдап, оларды мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Салтанатты жиында аудан басшысы ең алдымен аналарды шын жүректен құттықтап, олардың қоғамдағы орны мен ұрпақ тәрбиесіндегі өлшеусіз еңбегіне ерекше тоқталды. Ол көпбалалы аналардың өнегелі өмірі мен бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі елдің болашағын қалыптастырудағы маңызды құндылықтардың бірі екенін атап өтті.

«Отбасы берекесі мен елдің ертені ең алдымен ананың тәрбиесінен басталады. Сіздер дүниеге ұрпақ әкеліп қана қоймай, оларды елін сүйетін, еңбеккор, отаншыл азамат етіп тәрбиелеуге бар күш-жігерлеріңізді жұмсап келесіздер. Мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған құрмет сіздердің адал еңбектеріңізге берілген жоғары баға. Баршанызға зор денсаулық, шаңырақтарыңызға күт-береке, балаларыңыздың қызығын көріп, немере-шөберенің қуанышына бөлене берулеріңізге тілектеспін», - деді аудан әкімі.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес бірқатар аналар «Алтын алқа» және «Күміс алқа» мемлекеттік наградаларымен марапатталды. Салтанатты жағдайда марапаттарды табыстаған аудан әкімі әрбір көпбалалы анаға гүл шоқтары мен мерекелік сыйлықтар ұсынып, ізгі тілегін жеткізді.

Өз кезегінде марапат иелері мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қамқорлық пен құрмет үшін ризашылықтарын білдіріп, отбасы институтын нығайтуға бағытталған игі бастамалардың маңыздылығына тоқталды. Олар мұндай құрметтің аналарға үлкен жігер беріп, бала тәрбиесіндегі жауапкершілікті одан әрі арттыра түсетінін айтты.

Айта кету керек, соңғы жылдары ауданымызда демографиялық өсім тұрақты түрде артып келеді. Бала туу көрсеткішінің жоғарылауы нәтижесінде көпбалалы отбасылардың қатары көбейіп, «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» негері атанып жатқан аналардың саны жыл сайын арта түседі. Бұл өз кезегінде аудан тұрғындарының әлеуметтік әл-ауқатының жақсарып, отбасы құндылықтарының нығая түсетінін жарқын көрінісі.

Ананы ардақтау, көпбалалы отбасыларды қолдау және олардың қоғамдағы мәртебесін көтеру мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып қала береді. Осындай игі шаралар арқылы отбасы институтының беделі артып, жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінуде.

Сәулет ЕСКАР, «SARYSU»

Сұхбатты жүргізген: Камели СҮЛЕЙМЕНОВА, «SARYSÝ»





Хәкім Абайдың мол мұрасы – қазақ халқының ғана емес, барша адамзаттың өнеге алатын асыл қазынасы. Оның ой-толғамдары мен өсиеттерінің өзектілігі ешқашан жоғалмайды. Сондықтан Абайды тану және таныту, шығармашылығын терең зерделеу өте маңызды.

Қазақстан Республикасының Президенті
ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ

АСЫЛ СӨЗДІ ІЗДЕСЕН, АБАЙДЫ ОҚЫ, ЕРІНБЕ



АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ – ҰЛЫ АҚЫН, КОМПОЗИТОР, АҒАРТУШЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ. ОНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ, ПОЭЗИЯДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ ТУРАЛЫ КӨП БІЛЕМІЗ, БІРАҚ АБАЙДЫҢ ӨЗ ЗАМАНЫНЫҢ КӨРНЕКТІ САЯСАТКЕРІ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ БОЛҒАНЫН ЕКІНІҢ БІРІ БІЛЕ БЕРМЕЙДІ.

1. Тектілерін тұяғы

Абай Құнанбайұлы – 1845 жылы Тобықты руының билер әулетінде дүниеге келген. Ойшылдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлының өз заманында Тобықты руының белді адамының бірі, үездің аға сұлтаны болған. Кішкентай Абайдан ол өзінің ізбасарын көрді және 13 жасынан бастап оны өкімшілік, ел ісіне араластыра бастады.

2. Жас қайраткер

Он бес жаста өз замандастарынан озық шығып, өз білімділігімен ел ішінде көзге түсе бастаған. Ат үстінде жүрген әкесіне көмегі тиген. Түрлі рулардың игі жақсылары онымен санаса бастаған. Абай даулы істерде әділ билік айта жүріп, биге тән қасиет шешендік өнеріне жаттыққан. Жиырма жасында от ауызды, орақ тілді шешен, халық өмірі мен әдет-ғұрпын, төрелік айту жөнін жақсы білетін танымал тұлға болады. Бұл жылдарда Абай заман ерекшелігін түсіне отырып, өз халқын тереңірек тани бастаған. Бір сөзбен айтқанда Абай бастапқыда ел ішіндегі дау-шарлаға араласа жүріп, ел басқару ісінде шыныққан.

3. Тәжірибелі болыс

Абай ең алғаш 1866 жылы Күшік Тобықты болысына болыстыққа сайланған. Бұған ағасы Құдайбердінің ерте қайтыс болуы әсер еткен. 1865 жылы болыстық сайлауда Құдайберді болыс болып, ал Абай оған кандидат болып белгіленген. Екіншіке орай, 1866 жылы сәуір айында Құдайберді қайтыс болуы себепті оның кандидаты Абайға осы қызмет жүктеледі. Осы туралы архив деректерінде Абайдың болыс ретінде қол қойған құжаттары табылған. Абай 1872-1874 жылдары Күшік Тобықты болысына екінші рет болыс болып сайланады. Мұны Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивіндегі құжаттар растайды. 1876-1878 жылдары Абай Қоңыр - Көкше еліне болыс болып сайланады. Бұл сайланудың ерекше себебі болады. Қоңыр Көкше болысына он үш старшын ел кірген. Олар: Көкше, Жөкен, Мамай, Мырза, Жігітек, Бөкенші рулары еді. Әр рудан жиналған болыстықта талас-тартыс, ұрлық, барымта, бір-бірінің үстінен арыз-шағымдар көбейіп, елдің берекесі кете бастайды. Сондықтан «сырттан болыс сайлау керек, елді дүрсіс жоғға салатын әділ мықты адам болсын» деген шешім шығады. Ояз бен жандаралдың лайықты деп тапқан адамы Абай болады. Сөйтіп ояз бен жандаралдың ұйғаруымен болыстыққа Абай сайланады. Абайдың осы елдегі қызметі губернатор тарапынан жоғары баға алған. Оның дәлелі өзге сайланған болыстарға берілмейтін 300 сом еңбек ақыны Абай алып отырған.

4. Заң шығарушы

1885 жылы Семей облысының Қарамола дейтін жерінде бес дуан елшінің билері съезінде Абай бірауыздан төбе би сайланады. Осы съезд жұмысының барысында ол 3 күн ішінде қазақ халқының өмірін жеңілдететін 73 баптан тұратын «Ереже» деп аталатын заң нұсқасын жазған және ол осы съезде қабылданып, бекітілген. Бұл Ережеде Абай Ресей заңдарынан гөрі даланың жазылған, жазылмаған заңдарын сұрыптап заманына сай, қазақ қоғамының игілігіне қызмет ететіндей өңдеп кіріктірген.

5. Әділ де қатаң болыс

Әкесі Құнанбай жолымен руаралық талай талас-тартысты бастан өткізген Абай жауласқан 17 аталасын сібірге жер аударған. М.Әуезовтің «Абай жолынан» білетін Абай ақынмен достық қарым-қатынаста сипатталатын Ба-

заралыны шын өмірде Құнанбай емес Абай болыс барымта жасағаны үшін жер аударған. Өйткені Базаралы әділінде Төкежанның 800 жылқысын айдап өкеткен барымташы болған.

6. Шенеуіктер арасындағы беделі

Сол кездегі Семей облысының губернаторы, генерал-майор Карповтың 1893 жылғы 11 қыркүйектегі №55 бұйрығына сәйкес Шыңғыс болысына болыстық қызметке Абай Құнанбайұлы 1893-1896 жылдар аралығына тағайындалған. Бұл құжат 3 тармақтан тұрады. III тармағында Шыңғыс болысына болыстық қызметке Ибрагим Құнанбаев, кандидаты Әзімбай Төнірбердин сайланды делінген. Орыс әкімдері де ел ішінде беделді Абаймен санасқан.

7. Абайдың пікірлерестері

Тағдыр Абайды озық ойлы интеллигенция өкілдері, саяси жер аударылғандармен тоғыстырды, оның бірі Е.П. Михаэлиспен жақсы достық қарым-қатынаста болған. Олар Абайдың дүниеге көзқарасы мен саяси көзқарасының қалыптасуына ықпал етті. Абайдың танымалдығы мен беделі тек қазақтар емес басқа да шығыс халықтары арасына тарады. Қазақ даласы арқылы өз еліне бағыт ұстанған сібірге жер аударылған, қаладан патша өкіметінің андуынан қашқан еркін ойлы татарлар, кавказдықтар үшін Абай ауылы орталық іспеттес болды. Абайдың үстінен жазылған арыздарда "ақ патшаның жауы" деп көрсетілуі де осыдан. Патшаға қауіпті адам туралы ақпарат Семей әскери губернаторы мен Дала өлкесінің генерал-губернаторына да жетеді. Абай ауылы мен манайына жасырын бақылау орнатылады. Тіпті 1903 жылы Семей полимейстері ақынның және оның балаларының үйіне тінту жүргізген. Бірақ халық арасындағы Абайдың зор беделінен жасқанып, тек саяси жер аударылып келген достарымен тығыз қарым-қатынасын үзумен ғана шектелген. Олардың арасындағы хат алмасуын қатаң бақылауда ұстаған.

8. Жалған айыптар

Ол болыстық басқарушы болған кезде, әділдік жолын ұстанып, әлсізге зорлық көрсетушілерді, ұрлық жасағандарды қатаң жазалап, халық қамқорына айналды. Әрине, оның бұл әрекеті кейбіреулерге ұнамайды. Үстінен оязға арыз айтушылар көбейеді. Үзікбай Бөрібаев деген біреу "Таймаккөл деген жерімді тартып алды, пара алады және билікті асыра пайдаланды деген айыптар тағып, жалған арыз жазды. Бұл көпе-көрнеу жала жабу еді. Тексеріс ұзақ жылдарға созылады. Осы оқиғадан кейін Абайдың "не ермей, не ерік бермей" қор қылған елінен көңілі қалды. Жүрегі шерлі, жаны жаралы болып «Түзетпек едім заманды, өзімді тым-ақ зор тұтып,- деуі де осыдан.

9. Қастандық

1898 жылғы Мұқыр сайлауында Абайға қастандық жасалған. Мұқыр болысы мен Шыңғыс болысы арасындағы даулы жер мәселесін шешуге келген Абайды бір топ адам жерге жығып сабай бастаған. Бұл жағдайдан Абайдың билік басындағы нағандармен тек сөз жүзінде күреспегендігін көрсетеді. Қастандықтың себебі Оразбай екеуінің арасындағы жанжалдан туындаған. Сол Оразбай «Оразбай атымның шығуы Абайдай арысымның арқасы емес пе?» деп Абай дүниеден қайтқанда қатты қайғырған адамдардың бірі болған.

АҚЫН ЖАЙЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

- Абайдың шын есімі – Ибраһим. «Абай» деп әжесі еркелеткен. Анасының есімі – Ұлжан. Ұлжан Құнанбайдың екінші әйелі;
- Абай: «Атадан алтау, анадан төртеу едім». Құнанбай қажының 4 әйелі болған. Бәйбішесі Күнкеден – Кұдайберді. Ұлжаннан – Төнірберді (Төкежан), Ибраһим, Ысқақ, Оспан. Үшінші әйелі Айғыздан – Халиулла, Ысмағұл туады. Төртіншісі – Нұрғаным. Одан ұрпақ жоқ;
- Хәкімнің ақын, жазушылықтан бөлек, композиторлық қабілеті де болған. Ол бірқатар өлеңіне әнді өзі жазған. Соның бірегейі – «Көзімнің қарасы»;
- Ақындық жолына 10 жасында түсе бастайды. Ең алғашқы өлеңдерін Көкбайдың атынан жариялаған;
- Жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы ұлы Абай қазақ, араб, парсы, орыс тілдерін білген. Иран, шағатай (ескі өзбек) тілдерінде жазылған дастан-киссаларды, ертегілерді оқыған;
- Ел басқару ісіне 13 жасында араласқан;
- Абайдың алғашқы махаббаты – Тоғжан;
- Бірінші жары Ділгөра 1860 жылы 15 жасында, екінші әйелі Әйгерімге 30 жасында үйленген. Өменгерлік жолмен алған әйелінің есімі – Ерке-

- жан. Ол Абайдың інісі – Оспанның қалыңдығы;
- Ұлы ағартушының 10 баласы болған. Ол небәрі 16 жасында әке атанып, 36 жасында алғашқы немересін қолына алады. Оның аты – Әубәкір;
- Саяси қайраткер 21 жасында болыс болып сайланады;
- Ақынның саяси көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен орыс зиялы қауым өкілдері: Е. Михаэлис, А. Ләонтьев, С. Гросс, А. Блек, П. Лобановский, Н. Коншин, Н. Долгополов және т.б.;
- Ақын өмірінде 176 өлең, «Ескендір», «Масғұт» және «Әзім әңгімесі» поэмалары мен 45 қара сөз жазып қалдырған. Сондай-ақ ол шебер аудармашы да болған. М. Лермонтовтың өлеңдерін, А.С. Пушкиннің дастандарын және И.А. Крыловтың мысалдарын қазақ тіліне аударған.
- Жазушының ғақлиялары (қара сөздері) әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. Атап айтсақ, қытай, француз, орыс және т.б. Ал өлеңдері грузин, қарақалпақ, қырғыз, татар, француз, ағылшын, түркмен, ұйғыр тілдеріне аударылған;
- Абай мұрасын алғаш зерттеп бастаған ағартушы ғалымдар мен қайраткерлер: Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Әуезов, С. Мұқанов, І. Жансүгіров және т.б.

ҚАЗАҚСТАНДА АБАЙ ЕСІМДІ 19 МЫҢҒА ЖУЫҚ АДАМ БАР

10 тамыз – Абай күні аталып өтеді. Осыған орай ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы ұлы ақынның есіміне қатысты қызықты статистиканы ұсынды.

Бүгінде Қазақстанда Абай есімді 18 961 адам тұрады. Бұл есім ең көп таралған өңірлер – Астана қаласы (2 186 адам), Түркістан облысы (2 008 адам) және Алматы қаласы (1 740 адам).

Абай есімді ең үлкен жастағы қазақстандық 1932 жылы туған. Ал бұл есімді иеленгендердің арасында 30-34 жас аралығындағы азаматтар саны басым – 3

267 адам.

Абай есімі жаңа туған сәбилерге де жиі қойылады. Биылғы жылдың алғашқы жартысында 91 балаға осы есім берілген.

Қазақстанда Абай есімді 9 әйел тіркелген. Сонымен қатар Ибраһим, Ибрагим және Ибрахим есімдерін иеленген 37 844 адам бар.

Ұлы ақынның есімі еліміздің географиялық атауларында кеңінен көрініс тапқан. Қазіргі таңда Абай есімімен 1 облыс, 1 қала, 3 аудан және 26 ауыл аталады.

ӨЛМЕЙТҰҒЫН АРТЫНА СӨЗ ҚАЛДЫРҒАН...

- Иман сақтауға – қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босамас буын керек.
- Құдайшылық - жүректе. Қалпыңды таза сақта.
- Құдайдан - қорық, пендеден – ұял: балаң бала болсын десең оқыт, мал аяма!
- Ұш-ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, Нұрлы ақыл, Жылы жүрек.
- Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек

қылсаң – Алланың сүйген құлының бірі боласың.

- Бұрынғы ата - бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен: ел басы, топ басыларына тоқтай білетіндігі мен намысқойлығы.

- Бір жерде бірге жүрсең басын қосып, Бірінің бірін сөйле сөзін тосып.
- Жүректен қызық кеткенде, төннен қуат кетеді.
- Өзі жат елде қайыршылық қылып жүріп, елін бай деп мақтайтындар – құдай қарғағандар.
- Жүректі қозғайтын – жастықтың оты.
- Жақсы дос білген сырын сыртқа жаймас.
- Серт бұзғанның орны шок.
- Сен асыққан екен деп, Алла өмірін өзгертпес.
- Арлану ақылдыңың ісі.
- Хақ сөзді бала айтса да тоқтамақ керек.
- Есебі жоқ ант ішпе.
- Сынық қанат көбелек – ол да өмір іздемеқ.
- Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық, аздырар адам баласын.

Кемел ойдың кемеңгері – Абай



Қазақтың ұлы ақыны, ойшылы, ағартушысы, ұлттық әдебиетіміздің биік тұлғасы Абай Құнанбайұлының туғанына 181 жыл толуына орай Жаңатас қалалық балалар кітапханасында «Кемел ойдың кемеңгері – Абай» атты әдеби коллаж ұйымдастырылды.

Тағылымды шараның басты мақсаты – жас оқырмандарға Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын кенінен таныстыру, ұлы ақынның өнегелі ойларын насихаттау, көркем әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыру және ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеу.

Іс-шара барысында қатысушыларға Абайдың өмір жолы мен шығармашылық өлемі, ақынның өлеңдері мен «Қара сөздеріндегі» терең философиялық ойлары туралы мазмұнды мәліметтер берілді. Жас оқырмандар ақынның өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқып, габратты нақыл сөздерінен үзінділер айтып, Абай мұрасының бүгінгі ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы жөнінде ой бөлісті.

Шараның мазмұнын «Абай әлемі» атты викториналық сұрақ-жауап толықтырып, оқырмандар өз білімдері мен тапқырлықтарын ортаға салды. Әдеби коллаж барысында өнерпаз оқырмандар ән айтып, би билеп, күй орындап, көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Сонымен қатар кітапхана қызметкерлері «Абай мұрасы – мәңгілік қазына» атты кітап көрмесін ұйымдастырып, көрмеге қойылған ақын шығармалары, зерттеу еңбектері мен әдебиеттерге библиографиялық шолу жасады. Кітап көрмесі арқылы оқырмандар Абайдың өлмес мұрасын тереңірек танып, ақын шығармаларын оқуға мүмкіндік алды.

Абай – бір дәуірдің ғана емес, барша адамзаттың рухани ой-санасына ықпал еткен ұлы тұлға. Оның «толық адам» идеясы, білім мен ғылымға үндеген тағылымы, адамгершілік пен еңбекке шақырған өсиеттері бүгінгі ұрпақ үшін де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Шара соңында қатысушылар Абай шығармаларының адамды білімге, ізденіске, еңбекке және ізгілікке тәрбиелейтінін атап өтіп, рухани мазмұнды кештің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын жеткізді.

Нәтижесінде шараға 29 оқырман қатысып, 16 кітап және 8 мерзімді басылым оқырман қолына берілді. Абай мұрасын ұлықтау – ұлт руханиятын ұлықтау. Ұлы ақынның асыл сөзі мен өнегелі ойлары жас ұрпақтың жүрегіне жол тауып, рухани темірқазығына айнала бермек.

Бетті дайындаған: Камели СУЛЕЙМЕНОВА,
«SARYSЫ»